



Автор: Абдраманова Гүлназ Айтуарқызы

Пән: Биология

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Молекулалық биология және биохимия

Тақырып: жердегі тіршілік үшін судың маңызы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.3.3.6 судың тіршілік үшін маңыздылығын түсіндіру судың тіршілік үшін маңызын түсіндіру; 10.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар: судың тіршілік үшін маңызын біледі; ауызсуды үнемді пайдалану қажеттігін түсінеді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Суды үнемдеу туралы өз ойлары мен пікірлерін жеткізеді; Сөздік қорларын дамытады, сұрақтарға жауап береді.
Күтілетін нәтиже:	судың тіршілік үшін маңызын біледі. Азсуды үнемді пайдалану қажеттігін түсінеді.
Бағалау критерийлері:	Суды үнемдеу жолдарын біледі, басқаларға түсіндіре алады. Судың тіршілік үшін маңыздылығын анықтайд
Құндылықтарды дарыту:	суды үнемдеу және қорғау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	әдебиеттік оқу, дүниетану
Бастапқы білім:	Судың табиғи көздерін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру Жеке жұмыс. Су сөзін суретпен сәйкестендіру: Қызыл сызықпен – судың қатты күйі; Жасыл сызықпен – судың сұйық күйі; Көк сызықпен – судың бу күйіндегі түрі.	
Сабақтың ортасы	Суды пайдалану . Жұптық жұмыс Су қайда пайдаланылады? тақырыбында жұппен сурет салу. Әр суретке ат қойып, қабырғаға іледі. Судың жарамдылығы.Су тапшылығы бейнеленген суреттер көрсету арқылы оқушыларға сұрақтар қою. - Суреттерден не байқадыңдар? - Жер бетінің қанша бөлігін су алып жатыр? - Неліктен кей жерлерде ауызсу тапшы деп ойлайсың? - Ащы су, тұщы су сөздерінің мағынасын қалай түсінесіңдер? - Адам сусыз қанша уақыт өмір сүре алады? - Адамдар қандай суды пайдаланады?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>Зерттеу. Суды қалай үнемдеп пайдалануға болады? Топтық жұмыс. Оқушыларды бірнеше топтарға бөлу. Ақпаратты топтың бір бөлігі баспа материалдарынан іздестіреді, қалған топ мектеп қауымдастығы мүшелерінен (мұғалімдерден, оқушылардан және басқа мектеп қызметкерлерінен) сұхбат алады. Ең басты сұрақ: Суды қалай үнемдеп пайдалануға болады? Ақпарат жинақтаған соң топта постер жасау және қорғау. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді түсініп оқу. Туындаған сұрақтарды талдау. Ойлан. Жұптасып «Егер су болмаса, Жер бетіндегі тіршілік қалай өзгерер еді, сусыз тіршілік болуы мүмкін бе?» деген сұрақты талқылап, өз пікірлерін айту. Сусыз өз өлкесінің қандай күйде болатыны жайлы әңгіме құрастыру немесе сурет салу. Сен білесің бе? - Адамдар суды қандай мақсатта көп қолданады? - Тұратын өлкеміздің әдемілігіне судың қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? - Саяжайда немесе бақшада суды пайдалану жайлы не білесіңдер? 1 килограмм картоп өсіру үшін 300 литр су жұмсалатынын айту. 2- тапсырма «Борт журналы» әдісі арқылы тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйрету мақсатында жүргізіледі 1-топқа Ауыз суды үнемді қолдануға жарнама жаса 2-топқа. Судың тіршілік үшін маңыздылығына ереже құрастыр 3-топқа. «Су-тіршілік көзі» шағын сахналық көрініс құрастыр. Дискриптор: 1. Ауыз суды үнемді қолдануға жарнама жасайды 2. Судың тіршілік үшін маңыздылығына ереже құрастырады 3. «Су-тіршілік көзі» тақырыбында шағын сахналық көрініс ұйымдастырады ҚБ: «Судың көлемі» әдісі арқылы бағалау</p>	
Рефлексия	<p>- Сабақта не қызықты болды? Сабақта не қиын болды? Сабақтан не үйрендің?</p>	